


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-март 2024 г.



23,1
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для столовой и гостиной
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)



131,7%
ИФО

\$0,6
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 63,8%
ОТП 36,2%

\$89,1
МЛН


РЫНОК

\$56,8
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-февраль 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2024 жылғы қаңтар-наурыздағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімдерін өндіру көлемі 2024 жылдың қаңтар-наурыз айларында 23,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 12,4%-ға жоғары. Қаралып отырған кезеңде саланың НКИ 131,7% құрады.

НКИ ұлғаюы кеңсе ағаш жиһазының өндіріс көлемінің 69,6%-ға; ас үй жиһазының 25,9%-ға; асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаздың 23,1%-ға; негізінен металл қаңқасы бар арнайы отыруға арналған жиһаздың 19,9%-ға ұлғаюымен байланысты. Өзге де жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз өндірісінде (кереуеттер мен шкафтардан басқа) 13,9%-ға төмендеу байқалады.

Жиһаз өнімдерін тұтынудың ішкі нарығы 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 89,1 млн. АҚШ долларын (40,1 млрд. теңге) құрады. Отандық өндірістің үлесі 36,2% құрады.

Жиһаз өнімдері экспортының көлемі 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 25%-ға төмендеп, **550,3 мың АҚШ долларын құрады.**

2024 жылғы қаңтар-ақпанда жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлем мынадай тауарларға тиесілі болды: өзге де металл жиһаз (216,3 мың АҚШ доллары), пластмассадан жасалған жиһаз (80,6 мың АҚШ доллары), металл қаңқалы отыруға арналған өзге де жиһаз (80,3 мың АҚШ доллары), отыруға арналған жиһаз, айырбасталатын немесе айырбасталмайтын төсекке және оның бөліктеріне айырбасталатын: өзге де бөліктер (49,1 мың АҚШ доллары), отыруға арналған өзге де жиһаз (27,3 мың АҚШ доллары), мекемелерде пайдаланылатын металл типті жиһаз (27 мың АҚШ доллары), жатын бөлмелі ағаш типті жиһаз (25,4 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш жиһаз (16,4 мың АҚШ доллары), басқа материалдардан жасалған матрацтар (10,8 мың АҚШ доллары), ағаш қаңқалы отыруға арналған өзге де жиһаз (8,3 мың АҚШ доллары) және т. б.

Жиһаз өнімдерінің экспорты Ресейге (27,1% немесе 149 мың АҚШ доллары), Өзбекстанға (22,7% немесе 124,9 мың АҚШ доллары), Германияға (13,8% немесе 76,1 мың АҚШ доллары) және т. б. бағытталды.

Жиһаз өнімдері импортының көлемі 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 15,9%-ға төмендеп, 56,8 млн. АҚШ долларын құрады.

Тауар құрылымында импортталатын жиһаз өнімдерінің ең көп көлемі мынадай тауарларға тиесілі: өзге де ағаш жиһаз (11 252,4 мың АҚШ доллары), өзге де металл жиһаз (5 873,0 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш қаңқалы отыруға арналған жиһаз (5 059,2 мың АҚШ доллары), жатын бөлмесінің ағаш түріндегі жиһаз (4 850,9 мың АҚШ доллары), металл қаңқасы бар отыруға арналған өзге де жиһаз (3 206,0 мың АҚШ доллары) және т. б.

Импортталатын жиһаз өнімдерінің негізгі көлемі Ресейден (19 215,8 мың АҚШ долларына немесе импорттың жалпы көлемінің 33,8%-на), Қытайдан

(11 694,3 мың АҚШ долларына немесе 20,6%-ға), Италиядан (4 954,3 мың АҚШ долларына немесе 8,7%-ға), Беларусьтен (4 582,7 мың АҚШ долларына немесе 8,1%-ға) келеді.

Аумақтық бөліністе жиһаз компаниялары елдің барлық аймақтарында орналасқан. Бірақ еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 26,8%-ы Алматы қаласында (6,2 млрд. теңге) өндірілетінін атап өту қажет.